

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҒАЛЫМ ҰСТАЗ

ЛЕНИНШІЛ
Зиябекұлы Рүстемов

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА



ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОҒАМЫ

Жауапты редактор: **Зейнолла Қари**

Құрастырушы: **А. Қоразова.**

ОҚЫРМАНДАР ЕСІНЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш профессор **Лениншіл Зиябекұлы Рүстемовке** арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіш материал хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде — әліппе ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орыс тілдерінде жарияланған еңбектер беріліп отыр.

Еңбектердің әліппелік көрсеткішінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі жұмыстардың санында берілген.

Көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, әдебиет мамандарына, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері мен оқушыларына, аспиранттарға және кітапхана қызметкерлеріне арналған.

Көрсеткіштің мақсаты **Лениншіл Зиябекұлының** шығармаларын оқушы жұртшылық арасында кең насихаттауға көмектесу.



ПРОФЕССОР Л. З. РҮСТЕМОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НҮГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Лениншіл Зиябекұлы Рүстемов 1932 жылы 8 тамызда Шымкент облысы, Қелес ауданының «Коммуна» ауылында дүниеге келген.

1948 ж. Шымкент облысы Қелес ауданында қазақ орта мектебін бітірді.

1948 -1953 жж. Ортаазия мемлекеттік университетінің студенті.

1953 -1956 жж. Талдықорған облысы Ақсу ауданында Алтынсарин атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі.

1956-- 1958 жж. Қазақстан ЛКЖО Қелес ауданының I хатшысы.

1958--1962 жж. ҚазМУ-дің қазақ тілі кафедрасының аспиранты.

1962 ж. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғады.

1959—1960 жж. ҚазМУ комсомол комитетінің I хатшысы.

1960 ж. Тың жерлерді игергендігі үшін медалын алды.

1962—1969 жж. ҚазМУ-дің жалпы тіл білімі кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы және доценті.

1963 ж. Жалпы тіл білімі кафедрасы бойынша доцент ғылыми атағы бекітілді.

1969 - 1973 жж. Қазақ ССР жоғары оқу орындары министрлігінің аға инспекторы, басқарма бастығының орынбасары.

1973—1976 жж. І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының ректоры.

1976—1977 жж. Қазақстан Коммунистік партиясының ОК ғылым мен техника бөлім меңгерушісінің орынбасары.

1977 -1989 жж. Қазақ ССР Ағарту министрлігі министрінің орынбасары.

1982 ж. Монғол халық республикасының «Достық» медалын алды.

1982 ж. Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Күрметті Грамотасын алды.

1987 ж. СССР Ағарту министрлігінің «Ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін алды.

1989—1991 жж. ҚазМУ-дің оқу ісі жөніндегі проректоры.

1991 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің шығыстану факультетінің деканына, әрі Иран және Түрік филологиясы кафедрасының меңгерушілігіне тағайындалды.

1991 ж. шығыс филологиясы кафедрасы бойынша профессор ғылыми атағы бекітілді.

ПРОФЕССОР Л. З. РҮСТЕМОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Профессор Л. Рүстемовтың ғылыми жұмысы негізінен араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігіне арналғандықтан осы бағытта бір-екі ауыз сөз айтқанды жөн көрдік.

Араб тілі көптеген халықтың тілдеріне, әсіресе лексика саласында зор әсер етті, оның мән-мағынасы араб жаулап алушыларына және ислам дінінің таралуына байланысты күрт есті. Осы кезеңде Жақын және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тілді атқарды. Осындай ықпалды, сәл кейінірек, ескі әдеби дәстүрдің тасымалдаушысы ретінде парсы тілі де орындады. Бұл жағынан, олардың Шығыс халықтарының қоғамдық-мәдени өміріндегі ролін Еуропадағы латын және француз тілдерінің ролімен жиі салыстырады. Қазақ халқы бірнеше ғасырлар бойы ислам дінінің әсерін бастан кешті, салдарында рухани өміріне, әсіресе тіліне өзгеріс енді. Сөйтіп сан-салалы қолданысында қазақ тілі ұшталды. Міне осы айтылғандарды ғылыми жүйелеу інмен құдық қазғандай екені даусыз.

Сол қыруар жұмысты бітіруге бел шеше кіріскеннің бірі ғалым Л. Рүстемов. Оның қолынан шыққан «Қазіргі заманғы қазақ тіліндегі араб-иран сөздері» (1982), «Араб-иран сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі» (1989) және «Сөз туралы сөз» (1991) ұзақ жыл тынымсыз еңбектері, тамшылата тер төгуден туған шығармалар. Осылардың ішіндегі сүбелісі, әрине Түсіндірме сөздік. Олай дейтініміз, 2186 сөз және омонимдік қатардан тұратын бұл туындыда, біріншіден мұнда әдеттегідей араб, иран тілдерінен енген сөздерінің тек тізбегі келтірілмей, олардың түсіндірмелі жақтары да нақтыланады. Екіншіден тіліміздегі араб, иран сөздерінің бастапқы айтылу принципіне көп көңіл бөлінген. Үшіншіден араб, иран сөздерінің қазіргі кездегі орысша жазылу, айтылу дәрежесіне де назар аударылған. Жалпы алғанда сөздіктегі қамтылған сөз көлемі, ол сөздерді түсіндірудегі принциптер қамтитын мәселелерімен, бұрын соңғы болмаған ерекшелігімен кестеленеді.

Ғалым Л. Рүстемов қарапайым ауыл мұғалімінен мемлекеттік университеттің профессорлығына дейін өскен ұлағатты Ұстаз. Оған куә, ол — омырауындағы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі; ол — шығыстану факультеті иран бөлімінің бірінші курсы студенттерінің Иран Ислам Республикасы уақытша елшісі мен еркін тілдесіп, оны таңдандыруы; ол — осы факультеттің төртінші курс студенттерімен 1992/93 оқу жылында Тегран университетіне тәжірибе алмасуға аттануы.

Ал ұстаз **Л. Рүстемов** ойпаздығымен әрі әділдігімен қоғамдық қызметте қолтаңба қалдырған өзіндік жұртының Азаматы да. Туған елі қандай бір қызметті сеніп тапсырмасын оны «қыздың жіген жүтіндей» атқаруды арына жүктеген жан. Кеңес заманындағы комсомолдан бастап коммунистік партияның зәулім үйінен үңіле ертеңіне көз салған кісі. Сөйте тұра бір сыдырғы мінезбен, сырбаз өмір сүру көп «қиқымға» бұйырмасы айдан анық. Оған өмірбаянын оқысаңыз, «Әке академиясынан» тәлім алғанын ескерсеңіз көзіңіз жетеді.

ӨМІРБАЯНЫНАН ҮЗІК ҮЛГІ

Жақында ғана, яғни 1992 (мешін) жылы 14--24 сәуір аралығында ҚазМУ-дің ректоры, профессор **Көпжасар Нәрібай** және оның проректоры, профессор **Әбдісаттар Дербесәлімен** бірге Иран Ислам Республикасының сыртқы істер уәзірі ұлы мәртебелі Әли Әкобар Мәлаяғы мырзаның шақыруымен Иранда болып қайтқан профессор **Л. Рүстемовтың** «Жас алаш» газетінде 16-20 мамырда жарияланған «Иран иірімдері немесе көзбен көріп, жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен» атты жол жазбасынан үзінді келтірейік:

«Мен 50-жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің иран-ауған филологиясы бөлімін бітірген тұңғыш қазақ едім. 40 жылға жуық мерзім ішінде өз мамандығым бойынша туған елімде жұмыс таба алмай келдім. Әдетте біздің факультетті бітіргендерді мемлекеттік қауіпсіздендіру комитетіне, радиокомитеттің шет ел хабарлар бөліміне, шекара әскери қызметіне, ғылыми-зерттеу институттарына, тағы басқа жұмысқа жіберетін-ді. Маған, халық жауының ұлына, қолдан жасалған кедергілерді қайтсерсіз. Әйтеуір ондай қызметті құдай менің пешенеме жазбапты. Сол жылы САҒУ-ге Қазақ ССР Ғылым академиясынан шығыстанушы жас мамандары жіберуін сұраған өтініш қағаз келді.

Киерге киім, тамаққа ақшам болмаса да, қуанышым қойныма сыймай үйгіп-бүйгіп әйтеуір астанамыз Алматыға жеттім-ау. Өкінішке орай, кеше ғана құшағын жая бірге туған бауырымдай қарсы алып, аспирантураға бармай-ақ қой, жай ғылыми қызметкер болып жүріп-ақ ғылыммен шұғылдануға болатыны туралы ақыл айтқан. Тіл және әдебиет институтының директоры Ахмеді Ысқақов менің өмірбаяныммен танысып болған күннің ертеңінде, жанында түрі суық екі адамы бар, салқын пейілмен: — Қарағым, сен Зиябектің баласы ма едің?, — демесі бар ма. — Ия. — Кеше асығыстау уәде берген екенмін; аспирантурада да институтта да орын жоқ. Алматыда туыс түгіл, танысым да жоқ, барар жер, басар тауым жоқ, түнеп жүрген жерім темір жолдың вокзалы немесе түн

жамылып жатар жерім парктің іші. Мамандығым парсы мен пушту тілі еді. Енді не істеймін — деп жыламсырап, сасқанымда Ахаң жерге қарап, тұзына құм құйылғандай, күмілжіп ештеңе дей алмады. Ахаңның еркі емес, үш әріптің орнатқан тәртібі екенін талай жыл өтіп, ол кісімен жақындасып ғылыми еңбектерінен нәр алғаннан кейін барып білдім.

Отыз бес жастағы әкемді 1937 жылы ұстап әкестен күннің ертеңінде отыздағы сауатсыз анамды пәтерінен қуып, ұлы мен қызын тартып алып көз жазым болғаны, кенже ұлы менімен панасыз қалғаны еміс-еміс болса да есімде. Жұрттың айтуынша, отағасынан, тірідей екі баласынан айрылған қайран шешем бас сауғалап барған төркін жұрғында құса шерден басын көтермей, жарық дүниенің жылуын тәрк етіп, қырық күннен кейін дүние салыпты.

Әкем жарықтық айдаудан 44-жылы оралды. Қолымада болыпты. Қос қолының алты саусағы ашылмайтын, жазылмайтын, тергеу кезінде ұрып сындырыпты, шашы қудай. Алғашқы рет кездескенімізде 42 жастағы кісі көзіме қаусаған қарт сияқты көрінді. Ауылдағы жеті жылдық мектепке мұғалім болып орналасып еді, айналдырған бір айдың ішінде жұмыстан босап қалды. Аудан бойынша жоғары білімді екі кісінің бірі болса да, жасөспірімдерді оқытып-тәрбиелеуді «халық жауына» тапсыру «мұрттың» (Сталинді әкем солай атайтын) тірі кезінде көңілге қонбайтын, саясатқа сай келмейтін. Екі жеңін сыбанып, тікелей араласып, көсегесін көгертемін деп өмірін қиған «жаңа заман», әкемнің өзіне көкесін көрсетіп, көк шыбын үймететті, қорлады, зардабын тартқызды. Содан ол маған көп ұзамай «сенің атың бұдан былай Лениншіл емес. Абылай» деді. Орта мектепті бітірерде ағамның айтуымен бұрынғы атымды қалдырдым. Ол да ақыл болған екен, үйтпесе, құдай білсін, бүгін менің қайда жүрерімді. Жұмыссыз қалған әкем өмірінің ақтық деміне дейін «әйтеуір, келешекте бір жарық көрер» деген үмітпен жазумен болды. Жазуы төтенше араб әріптері.

1948 жылдың бас кезінде 45 жасында Зекен қайтпас сапарға кетті. Өлерінен біраз бұрын менен — «осы сенің кім болғын келеді, оныншы классты бітіріп жатырсың — деп сұрады. Мен: — «Қайдан білейін» — деп шынымды айттым. Үлкен ұлым — орыс, кенжем осы жазғандарыма келешекте баскөз болар ма екен — деген үміті болса керек. Шынтүайғқа келгенде, шығыстану факультетіне түскендегі мақсатым — арабша жазуды үйреніп, әкемнің еңбегін жариялау еді. Ол мақсатым 37 жыл өткеннен кейін толық болмаса да жеткен сияқтымын».

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫЛЫМДАРЫ

1. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. — Алматы: Ғылым, 1982. — 159 бет.
2. Тіл білімі тарихына қысқаша шолу: Педин-тарихының филол. фак. студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы: Мектеп, 1984. — 71 бет.
3. Араб-иран сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 1989. — 320 бет.
4. Сөз туралы сөз. Слово о слове: Заметки об арабско-иранских заимствованиях в казахском языке. — Алма-Ата: Рауан, 1991. — 112 с.

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

5. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері: (Ун-тің филология факультетінде сырттан оқушы студенттер үшін көмекші құрал / ҚазССР Жоғары және орта арнаулы білім м-трлігі; ҚазМУ). — Алматы. — 1962. — 16 бет.
6. Қазақ тіліндегі араб-иран сөздері туралы // Қазақстан мектебі. — 1963. № 5. — 78—79 бет.
7. Арабско-иранские заимствования в казахском языке: Автограф. дис. на соиск. ученой степ., канд. филол. наук. — Алма-Ата. — 1963. — 20 с.
8. О грамматических особенностях арабских и иранских заимствований в казахском языке // Тіл және әдебиет мәселелері Аспиранттар мен ізденушілер мақалаларының жинағы. Алматы, 1963. — 22—28 бет.
9. Фонетические изменения и грамматические особенности арабско-иранских заимствований в казахском языке: Пособие для студентов-заочников / КазГУ. — Алма-Ата, 1963. — 30 с.
10. Языковое отражение исторических связей русского и казахского народов // Вопросы интернационального воспитания в курсах истории СССР в педагогических институтах: Тез. докл. и сообщ. науч.-практ. конф. — Алма-Ата, 1982. — С. 62—65.
11. Комплексный подход к процессу формирования личности студента // Социалистический образ жизни и актуальные вопросы формирования личности студента: Тез. докл. и сообщ. на респ. науч.-практ. конф. — Алма-Ата, 1985. — С. 18—23.
12. О некоторых вопросах интернационального воспитания учащейся молодежи // Ленинские принципы национальной политики КПСС и актуальные задачи интернационального воспитания: Материалы респ. науч.-практ. конф. — Алма-Ата, 1987. — С. 122 — 132.

13. О подготовке преподавателей русского языка на факультете русского языка как иностранного Вьентьянского университета. Состояние. Проблемы. // Русский язык и литература в общении народов мира: Докл. и сообщ. VII Междунар. конгр. преподавателей рус. яз. и лит. — М.: Рус. яз., 1990. — С. 66—67.

14. Слово о словах: Араб-иран. заимствования в казахском языке // Простор. — 1990. — № 8. — С. 147—150.

ЖИНАҚТАР МЕН МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН ТУЫНДЫЛАРЫ

15. Үндес жыр, ортақ мұралар: Туысқан әдебиеттер әлемінде // Қазақ әдебиеті. — 1964. — 10 сәуір /С. Мұқановпен, М. Жолдасбековпен бірге.

16. Жүректерге жол тапсақ...; Қабілетсіз маман қайдан шығады? // Лениншіл жас. — 1966. — 3 шілде.

17. Живой и сложный процесс: Рец. на кн. Суюншалиев Х. Становление и развитие казахской литературы (с древнего периода до конца XIX века). — Алма-Ата: Қазақстан, 1967 // Учитель Казахстана. — 1968. — 8 мая.

18. Тегеран сапары // Соц. Қазақстан. — 1970. — 8 қыркүйек.

19. Алғашқы қадамдарымыз: (Талдықорған пед. ин-тының ректоры Л. З. Рүстемовтың интервью / Жүргізген Ж. Біләлов) // Қазақстан мұғалімі. — 1974. — 12 сәуір.

20. Ұстаз жайын сөз етсек... Талдықорған пед. ин-тының оқу тәрбие базасы // Қазақстан мұғалімі. — 1976. — 20 ақпан.

21. Ұстаз — игілікті қызмет // Октябрь туы. — 1976. — 21 ақпан.

22. Алынды білім аскары, ұстаздық өмір басталды: Мақалалар // Қазақстан мұғалімі. — 1977. — 8 шілде.

23. Тәрбие жұмысын комплексті жүргізейік // Соц. Қазақстан. — 1977. — 18 қаңтар.

24. Высшей школе — достойное пополнение: (О перспективах высш. пед. школы и задачах предстоящего набора. Беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. З. Рустемовым / Записала Е. Каурова) // Учитель Казахстана. — 1977. — 30 июня.

25. Талды-Курганский педагогический институт // ҚСЭ. — Т. 10. — Алма-Ата, 1977. — С. 53з.

26. Мұғалім — творчестволық үлкен күш // Қазақстан мұғалімі. — 1978. — 29 қыркүйек.

27. Партияның сенімді көмекшісі: (ҚазССР Оқу м-трінің орынбасары Л. Рүстемовтың жаңа оқу жылында ауыл мектептерінде еңбек жолын бастай-

- тын жастар жайлы әңгімесі (Жүргізіген Е. Естаев) // Қазақстан мұғалімі. — 1978. — 7 шілде.
28. В помощь словеснику // Рус. яз. в каз. школе. 1978. — № 3. — С. 51—54.
29. Работа с кадрами в Казахстане в области преподавания русского языка в национальной школе // Рус. яз. в нац. школе. 1978. — № 2. — С. 6—14 / Соавт. Д. Турсунұв, А. Азрова, А. Кульниязова.
30. Осуществление комплексного подхода к коммунистическому воспитанию учащейся молодежи. Актуальные вопросы комплексного подхода к организации коммунистического воспитания студентов высших и учащихся средних специальных учебных заведений: Материалы респ. науч.-метод. конф. — Алма-Ата: ҚазГУ, 1979. — С. 28—38.
31. Жоғары квалификациялы мамандар даярлаудың сапасы жақсартылсын // Қазақстан мектебі. — 1980. — № 10. — 3—8 бет.
32. Чтобы завтрашний учитель в ногу с временем шагал: (Беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. З. Рустемовым / Записала Е. Каурова) // Учитель Казахстана. — 1980. — 27 нояб.
33. Студент және интернационалдық тәрбие // Қазақстан мұғалімі. — 1982. — 22 қазан.
34. Путевку в вуз — достойным! (Беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. З. Рустемовым / Записала Е. Каурова) // Учитель Казахстана. — 1981. — 23 июля.
35. Дәстүрлер мен таптық сипаттар: Англия сапарының жазбалары // Жұлдыз. — 1983. — № 8. — 158—167 бет.
36. Оқу жүйесінің белді саласы // Қазақстан мектебі. — 1983. № 4. — 5—11 бет.
37. Өндіріс және оқу: Жоғары пед. оқу орындарында сырттан оқу жүйесінің жұмысын жақсарту жайлы // Қазақстан мектебі. — 1983. № 1. — 1—8 бет.
38. Сырттан оқушыларға қамқорлық: Пед. инстартарда // Қазақстан мұғалімі. — 1983. — 18 наурыз.
39. Забота о заочниках // Учитель Казахстана. — 1983. — 3 марта.
40. Еңселі талап: (Респ. пед. ин-тарының жұмысы жайлы) // Қазақстан мектебі. — 1984. — № 5. — 3—8 бет.
41. Күн мен тау елінде: Ауданымызға барған сапары жайлы // Білім және еңбек. — 1984. — № 12. — 16—17 бет.
42. Тек шеберлер ғана жеңеді: Ташкент қ. мектеп оқушыларының Бүкілодақтық XVIII Спартакиадасының ашылуына орай // Лениншіл жас. — 1984. — 18 қыркүйек.
43. Іс тегігі — кадрда: Респ. пед. уч-шелер жұмысынан // Бастауыш мектеп. — 1984. — № 12. — 3—6 бет.
44. Важный фактор повышения уровня подго-

іовки спеціалістів: Преподавателей русского языка в вузах Казахстана // Вестн. высш. шк. — 1984. № 6. — С. 28—30.

45. Кто придет в педагоги?: (Беседа с зам министра просвещения КазССР Л. Рустемовым/ Записала Н. Шукина) // Учитель Казахстана. — 1984. 5 июля.

46. Правовое воспитание студенческой молодежи в педвузах Казахстана // Пути совершенствования учебно-воспитательного процесса и повышения качества подготовки учителей истории: Всесоюз науч.-практ. конф.: Тез. докл. и сообщ. Луцк, 1984. — 209 с.

47. Учитель, перед именем твоим...: (Беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. Рустемовым / Записал В. Джанаев) // Огни Алатау. — 1984. — 28 июля.

48. Педагогика институттары комсомолының міндеттері // Қазақстан мектебі. — 1985. — № 9. — 3—8 бет.

49. Коммунистическое воспитание студенческой молодежи. — Алма-Ата. — 1985. — 28 с.

50. Подготовка педагогических кадров в условиях развитого социализма: На материалах Казахстана. — Алма-Ата: Мектеп, 1985. — 215 с.

51. Овладевать общественной профессией: К итогам республиканского смотра-конкурса // Учитель Казахстана. — 1985. — 18 июля / Соавт. М. Кожухаров.

52. Правовое воспитание студентов педвузов Казахстана // Актуальные проблемы правового воспитания в условиях совершенствования развитого социализма: Материалы Всесоюз. науч.-практ. конф. М., 1985. — С. 188.

53. Физкультура — каждый день // Учитель Казахстана. — 1985. — 19 сент.

54. Зейінді зерттеу // Қазақ әдебиеті. — 1986. — 25 сәуір.

55. Физвоспитание — на современный уровень // Учитель Казахстана. — 1986. — 27 ноябрь.

56. Оқу жастарға интернационалдык тәрбие берудің кейбір мәселелері туралы: (КазССР Оқу министрінің орынбасары Л. З. Рустемовтың респ. ғыл.-практ. конф. сөйлеген сөзінен) // Қазақстан мұғалімі. — 1987. — 17 сәуір.

57. Педагогика оқу орындары жұмысын // Қазақстан мектебі. — 1987. — № 8. — 3—7 бет.

58. Вуз высокого назначения: (О подготовке пед. кадров) // Казахст. правда. — 1987. — 15 мая.

59. Забота о потомках // Біздің Отан. — 1987. — тамыз № 16.

60. Преодолевать разрыв между словом и делом: (О воспитательной работе в вузе и школе) // Учитель Казахстана. — 1987. — 16 апр.

61. Боль и долг памяти // Казахст. правда. — 1989. — 22 июня.

62. Білімді жасқа жол ашық: (ҚазМУ прорек-

торы / А. З. Рүстемовпен әнгіме – Жүргізіген Қ. Әзім-канов) // Тенишіл жас. – 1990. – 13 шілде.

63. Қазақ тілі тұсауды үзді ме үзбеді ме? (Алматы жоғары оқу орындарындағы бүгінгі істің жай-күйі туралы пікірлер / Жазып алған Қ. Бейсенбева) // Парасат. – 1990. – № 3 – 5 бет. М. Томановпен, Б. Даулетовпен бірге.

64. Қасиеті халқымның... // Қазақ әдебиеті. 1990. – 6 сәуір.

65. Кезекті науқан емес, міндет // Ана тілі. 1990. – 21 маусым.

66. Как выжить университету в рыночной экономике? // Горизонт. – 1990. – 22 дек.

67. Претворить в жизнь // Шалкар. – 1990. – 27 июля.

68. Безграмотность – аршинными буквами. Как тебе живется, государственный язык // Веч. Алма-Ата. – 1991. – 25 нояб.

69. Алғы сөз: Әл-Фараби – ислам философиясының негізін қалаушы // Өркен. – 1992. – 18 қаңтар.

70. Байланыстар бақ ашсын: Ислам Иран Республикасының құрылған күніне орай // Өркен. – 1992. – 4 сәуір.

71. Иран иірімдері немесе көзбен көріп жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен // Жас алаш. 1992. – 16—20 маусым.

72. Вступительное слово: Аль-Фараби – основоположник исламской философии. // Горизонт. – 1992. – 24 янв.

73. Өзіңді өзің сыйламасаң, өзге сені сыйламас. Тіл туралы // Өркен. – 1992. – 22 ақпан.

74. Аясы кеңіген факультет Алматы ақшамы. – 1992. – 10 шілде.

Баспадан 1992—1993 жж. шығатын еңбектері

75. Парсы тілі; Шығыстану және филология факультетінің студенттеріне арналған оқулық.

76. Парсыша-қазақша тілашар.

77. Русский язык и литература в нерусской аудитории: Рекомендательный библиографический указатель.

ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

78. Дүйісмағамбетов М. Соны пікірлер // Қазақстан мектебі. — 1986. — № 9. — 79--80 бет.
79. Серғалиев М., Сайранбаев Т. Сүбелі сөздік // Қазақстан мұғалімі. — 1990. — 11 мамыр.
80. Уманов Г. Учитель завтрашнего дня // Қазақст. правда. — 1986. — 22 февр.
81. Шарипов У. Оригинальный словарь // Қазақст. правда. — 1990. — 29 мая.

Еңбектердің әліппелік көрсеткіші

- Алғашқы кадамдарымыз 19
Алғы сөз 69
Алынды білім аскары, ұстаздық өмір басталды 22
Араб-иран сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі 3
Байланыстар бақ ашсын 70
Білімді жасқа жол ашық 62
Дәстүрлер мен таптық сипаттар 35
Еңселі талап 40
Жоғары квалификациялы мамандар даярлаудың сапасы жақсартылсын 31
Жүректерге жол тапсақ 16
Зейінді зерттеу 54
Иран иірімдері немесе көзбен көріп жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен 71
Кезекті науқан емес, міндет 65
Күн мен тау елінде 41
Қазақ тілі тұсауды үзді ме үзбеді ме? 63
Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері 5
Қазақ тіліндегі араб-иран сөздері туралы 6
Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері 1
Қасиеті халқымның 64
Мұғалім — творчестволық үлкен күш 26
Оқу жастарға интернационалдық тәрбие берудің кейбір мәселелері туралы 56
Оқу жүйесінің белді саласы 36
Өзіңді өзің сыйламасаң, өзге сені сыйламас 73
Өндіріс және оқу 37
Парсы тілі 74
Парсыша-қазақша тілашар 75
Партияның сенімді көмекшісі 27
Педагогика оқу орындары жұмысы 57
Студент және интернационалдық тәрбие 33
Сырттан оқушыларға қамқорлық 38
Тәрбие жұмысын комплексті жүргізейік 23
Тегеран сапары 18
Тек шеберлер ғана жеңеді 42
Тіл білімі тарихына қысқаша шолу 2
Ұстаз — игілікті қызмет 21

- Устаз жайын сөз етсек 20
Үндес жыр ортак муралар: Туысқан әдебиеттер
әлемінде 25
Іс тегігі — кадрда 43

* * *

- Арабско-иранские заимствования в казахском языке 7
Безграмотность — аршинными буквами: Как тебе
жиется, государственный язык 68
Боль и долг памяти 61
Важный фактор повышения уровня подготовки
специалистов 41
В помощь словеснику 28
Вступительное слово 72
ВУЗ высокого назначения 58
Высшей школе достойное пополнение 24
Живой и сложный процесс 17
Забота о заочниках 39
Забота о потомках 59
Как выжить университету в рыночной экономи-
ке? 66
Коммунистическое воспитание студенческой моло-
дежи 49
Комплексный подход к процессу формирования
личности студента 11
Кто придет в педагоги? 45
О грамматических особенностях арабских и иран-
ских заимствований в казахском языке 8
Овладевать общественной профессией 51
О некоторых вопросах интернационального воспи-
тания учащейся молодежи 12
О подготовке преподавателей русского языка на
факультете русского языка как иностранного Вьен-
тъянского ун-та 13
Осуществление комплексного подхода к коммуни-
стическому воспитанию учащейся молодежи 30
Подготовка педагогических кадров в условиях раз-
витого социализма 50
Правовое воспитание студентов педвузов Казах-
стана 52
Правовое воспитание студенческой молодежи в
педвузах Казахстана 46
Преодолевать разрыв между словом и делом 59
Претворить в жизнь 67
Путевку в вуз — достойным! 34
Работа с кадрами в Казахстане в области препо-
давания русского языка в национальной школе 29
Русский язык и литература в нерусской аудито-
рии 76
Слово о словах: Араб.-иран. заимствования в ка-
захском языке 14
Слово о слове: Заметки об арабско-иранских заим-
ствованиях в казахском языке 4
Талды-Курганский педагогический институт 25

Учитель, перед именем твоим	47
Физвоспитание — на современный уровень	55
Физкультура — каждый день	53
Фонетические изменения и грамматические особенности арабско-иранских заимствований в казахском языке	9
Чтобы завтрашний учитель в ногу с временем шагал	32
Языковое отражение исторических связей русского и казахского народов	10



М А З М Ұ Н Ы

	Беті
Оқырмандар есіне	3
Профессор Л. З. Рүстемовтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	4
Профессор Л. З. Рүстемовтың ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк	5
Шығармаларының жеке басылымдары және ғылыми еңбектері	8
Жиһақтар мен мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған туындылары	9
Өмірі мен еңбектері туралы мақалалар	13
Еңбектерінің әліппелік көрсеткіші	13

